

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Ұстаздар мерекесімен құттықтау

ЖАРИЯЛАНДЫ 03.10.2025	ТІРЕК СӨЗДЕР 5 қазан ұстаздар мерекесі, құттықтау, ұстаздар күні, ұстаздар мерекесі, ұстаздар мерекесімен құттықтау	СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/182715/
--------------------------	--	--

ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗДАР ҚАУЫМЫ!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – **Ұстаздар күнімен** шын жүректен құттықтаймыз! Бұл күн – өмірін білім мен тәрбиенің асыл жолына арнаған, шәкірттерінің болашағына бағдар берген ардақты жандардың еңбегін айшықтайтын ерекше мереке.

Ұстаз – тек білім беруші ғана емес, ұрпақтың жүрегіне ізгілік нұрын себуші, тәлім-тәрбие бастауы. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында еліміздің болашағы саналатын жас буын ғылым-білімге құштар болып өсіп, отаншыл, адал, еңбекқор азамат болып қалыптасуда.

Әрбір шәкірттің жетістігі – сіздердің өлшеусіз еңбектеріңіздің жемісі. Бүгінгі қоғамдағы ең жауапты әрі құрметті мамандық иелері ретінде сіздерге қандай алғыс айтсақ та артық емес. Ұстаздар – елдің рухани тірегі, өркениеттің негізін қалаушылар.

Осы мерейлі мерекеде сіздерге мықты денсаулық, баянды бақыт, толағай табыс тілейміз! Ұстаздық жолдарыңыз әрқашан абыройға толы болып, шәкірттеріңіздің жетістігі қуаныш сыйласын.

Ұрпақ тәрбиелеудегі ерен еңбектеріңіз әрдайым мемлекетіміздің дамуына үлес болып қосыла берсін!

Мерекелеріңіз құтты болсын, құрметті ұстаздар!

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.